

адамның ахиретке сапар шегу сәтін бейнелейді. Бұл жөніндегі өлеңнің шешімі екінші шумақта айтылады, «тыншығарсың сен дағы, сабыр қылсаң азырақ» деп ой түюі соны білдіреді. Алайда Абай адамның «мәңгілік дамылдауын» өмір өтіп кетеді деп байбаламға салу, пессимистік көңіл-күйде емес, ақиқат өмірді таныту, адамның өмірі өлшеулі екендігін айту мақсатында суреттеп көрсетеді. Осы өлшеулі ғұмырда Құдай жаратқан адам (пенде) адамша өмір сүруі керек деп ой айтады.

Бұл өлең Абай танымындағы табиғат және адам контексіне үйлес келеді, сондықтан да ұлы ақын өлеңді ықыластана аударған деп білеміз. Жалпы, аударма жасау үшін сол аударылатын шығармадағы айтылатын ой, суреттелетін бейнелер аудармашының көңілінен шығу керек. Осы аударма Абайдың танымының терең екендігін, табиғат тіндерін нәзік сезіне білетіндігін, өмір құбылыстарын Гетедей қабылдай алатындығын көрсетеді. Бұдан бірінші кезекте Абайдың жеке тұлға ретінде Гете, Лермонтовтармен терезесі тең екендігін байқасақ, екінші кезекте Абай өз таланты арқылы халқының да ұлылығын көрсететіндігін аңғарамыз. Міне, Абай сондықтан да Абай ұлы, биік. Оның шығармашылығының мәңгілік мәні де осында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Алтын жылға. Зерттеу мақалалары. - Алматы: "Жібек жолы" БҮ 2010.- 576б.
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы.Т1.Өлеңдер мен поэмалар.- Алматы:Жазушы,1986.-302б.
3. Машанов А.Әл-Фараби және Абай.-Алматы:Қазақстан,1994.-302б.

ГТАМР 17.07.21

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

У.Е. МАМБЕТОВ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абай шығармашылығындағы философиялық, әлеуметтік – экономикалық, саяси, тәрбиелік мазмұндағы ой – пікірлеріне сілтеме жасай отырып, олардың қазіргі даму кезеңімен сабақтастығына назар аударылады

Түйін сөздер: Абай әлемі; Абайдың өлеңдері; Абайдың кара сөздері.

Аннотация. В статье обращается внимание на преемственность творчества Абая философского, социально-экономического, политического, воспитательного содержания с современным этапом нашего развития

Ключевые слова: Мир Абая; стихотворени Абая; Слово назедания Абая

Annotation. The article draws attention to the continuity of Abay's philosophical, socio-economic, political, educational content with the modern stage of our development

Key words: World of Abai; poems of Abai; The Word of Abay

«Қалың елім қазағым» деген атпен 1995 жылы «Жалын» баспасынан шығарылған Абай Құнанбаев шығармалар жинағының «Абай туралы сөз» аталатын кіріспе бөлімінде Халықаралық Абай қорының Президенті, жазушы Төлен Әбдікұлы «Абай қазақ үшін бір ғана әдебиеттің ауқымына симады ... ол қазақтың ұлттық философиясының негізін салушы, жаратылыстың құпиясына, табиғат пен қоғамның, адам мен заманның сырына терең бойлаған кемеңгер ойшыл» ретінде бағалайды. [1] Қазақстан Республикасының Президенті Қасым- Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» тақырыбындағы мақаласында «Оның өлеңдері мен кара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды» деп сипаттаған. [2]

Бұл бағалаулардан, біз, Абайдың қазақ елінің әлеуметтік- экономикалық мәселелері төңірегінде де сүбелі ой-пікірлер қалдырғанын пайымдаймыз. Абай өзі ауқатты ортадан шыққанына қарамастан, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікке күйзеле қарайды, оның қайшылықты салдарына назар аударады:

«Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшы да пейіл де жоқ,
Андыстырған екеуін құдайым- ай!»

Яғни, ақын әлеуметтік теңсіздік әлеуметтік теке-тіреске алып келетініне меңзейді. Қазірде елімізде орын алып отырған елеулі әлеуметтік жіктелуді бәсеңдету мақсатында жасалып жатқан әлеуметтік әлжуаз топтарды ауқымды мемлекеттік қолдау шаралары кедейлікке, әлеуметтік қайшылықтарға жол бермеуді көздейді.

Қазақ халқының бірлігі мен тұтастығын қаматамасыз етуді өмірлік мүддесі етіп ойлаған,оның әлеуметтік, әсіресе рухани жіктелуіне күйінішпен қараған ақын былай деп сипаттайды:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Қазірде ақыл- ойды өмірлік маңызды бір мақсатқа жұмылдыратын идеологияның әлсіздігі, халықтың бірсыпыра маргиналды топтарының ой- өрістерінің тарлығы, қазіргі кездегі қоғамда болып жатқан өзгерістерге дұрыс баға бере алмауында көрінеді. Абай:

«Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді.

Аузыменен орақ орған ...,

Бас- басына би болған өңкей қықым,

Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын». – деп күңіренеді. Бұл өлеңдегі мағыналы сөздердің өзектілігі қазіргі таңда да күмән тудырмайды. Әлеуметтік жіктелу, адам санасын билеп алған меркантилистік (пайда- күнемдік) психология, рухани жұтаңдық пен рухани тоқырау, адамдардың, әсіресе бірсыпыра жастарымыздың өмірден өздеріне дұрыс жол таба алмай, әртүрлі ағымдардың жетегінде кетуіне әкеліп соқтырып отыр. Елімізде іске асырылып жатқан рухани жаңғыру бағдарламасы аясында, біздің сана- сезіміміз бен дүниетанымымызда орын алып отырған жат қағидалардан арылуымыз қажет. «Өзгеру үшін өзімізде мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» [3]. Осыған орай Абайдың

«Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де – бір кірпіш, дүниеге

Кетігін тап та, бар қалан...» деген өлең жолдарында, өзіңнің қабілетің мен өнеріңді пышыратпай өмірдегі орныңды таба біл, пайдалы іске жұмса дей отырып, «Қамшының сабындай қысқа өміріңді» мәнді де, мағыналы өткізудің, рухани тазалық пен адамгершілік қасиеттіліктің мазмұнына назар аударады.

Өсек, өтірік, мақтаншак,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс, көрсеңіз.

Яғни Абайдың айтқанындай «Адам болам десеңіз» жастарымызға неден бойларын аулақ ұстау керектігі, «талаптыға нұр жауар» дегендей қандай өнегелі іске ұмтылу керектігі асқан ақындық шеберлікпен уағыздалады.

Абайдың кемеңгерлігінің тағы бір қыры – ол өзінің творчествасында экономикалық мазмұндағы мәселелерді үлкен ғылыми көрегендікпен, поэзияның тілімен сипаттайды.

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар,

Іздегені не болса, сол табылар.

Біреу астық алады, біреу - маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.

Өлең жолдарында қоғамдық еңбек бөлінісі, тауардың тұтыну құны және құны, нарықтағы сұраныс пен ұсыныс, баға сияқты маңызды экономикалық категориялар ұтымды көрініс тапқан. «Сегіз аяқ» өлеңінде адал еңбектің табыс көзі, кәсіпкерлікпен айналысудың дәулеттілік кепілі болатыны үлкен ақындық шеберлікпен баяндалады. «Жан аяма кәсіп қыл», «Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп ойлап мал ізде», «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» және тағы сол сияқты мазмұндағы өлең жолдарынан адамның пайдалы еңбегінің экономикалық өмірдің басты, жеке факторы болып табылатындығын, өндіргіш күштердің дамуында ерекше орын алатындығын көреміз.

Өзінің қара сөздерінің 2-ші сөзінде алты алаштың бұтақтары болып табылатын өзбек, ноғай халықтарының тірліктеріне сілтеме жасай отырып, олардан үйренетін де жайттарды сипаттайды. «Енді қарап тұсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерлерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ ...», «Оның бірін бірі қуып, қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері...» Абайдың осы тақылеттес сыни мазмұндағы өлеңдері мен қара сөздері өз халқын мұқату, мінеу, кемсіту мақсатында емес, керісінше олардың намысын қайрауға, жігерлендіруге, тірліктеріне түрткі болуға бағытталған, қазақ халқы еріншек, жалқау деген жансақ пікірден аулақ болу керек деп түсіну маңызды. Тарихты бағамдасақ құлдық, крепостниктік еріксіз еңбекке мәжбүрлеу кезеңін басынан өткерген елдерде еңбек туралы пікірлердің оң бағалануымен қатар теріске шығаратын ұғымдар да бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Айталық «Работа не волк в лес не убежишь», «От работы (сохи) не будешь богат, а будешь горбат», «От трудов праведных не наживешь палат каменных». Бұл арада әңгіме сынға ұшырап отырған еңбектің өзі емес, тек қана еріксіз еңбек процесі туралы болып отыр. Ал қазақ халқының дәстүрінде еңбекті, еңбек ету үдерісін теріс бағалау болған емес. «Еңбек – өмір ажары», «Еңбексіз өмір, сөнген көмір», «Еңбек түбі – зейнет», «Еңбектің көзін тапсаң, байлықтың көзін табасың» сияқты мақалдар соның айғағы болса керек. Еңбектің адам өмірі, қоғам өмірі, жалпы тіршіліктегі орны мен рөлі жайлы осындай мазмұндағы оң бағалаулар «Қазақ – жалқау халық» деген пікірді жоққа шығарады. Қазақ халқы – өзінің түп табиғатында еңбексүйгіш халық.

Халқымыз жатып ішерлер мен арамтамақтарды жек көрген, басқаның еңбегін жеген адамдарды ең сорақы күнә жасағанмен тең қойған. Батыс елдерінде соңғы 50 жыл бойына ресми доктринаға айналған «Жаппай тұтыну қоғамы» көптеген елдердің (Греция, Испания, Португалия, Италия, т.б.) экономикалық және әлеуметтік дағдарыстарға ұшырауына себеп болды. Сондықтан жаппай тұтыну қоғамынан елімізде жүзеге асырылып жатқан Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына көшу бағдарламалары Абайдың еліміздің болашағына деген үміті мен сенімінің айқын айғағы болып табылады.

Абай өзінің философиялық мазмұнда жазылған атақты «қара сөздерінде», сол кезеңде қазақ жұртшылығының ортасында бар жалқаулық, тоғышарлық, надандық, күншілдік, арсыздық, сұрамсақтық, даугершілдік, ұрысқарлық, арызшылдық, орынсыз мақтаншақтық пен даурықпалық, имансыздық сияқты құбылыстарды күйзеліс- күйінішпен суреттей отырып, оның қасіретті салдарына тап болмаудың, олардан арылудың жолдарын меңзейді. Үшінші сөзінде «Һәммә ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ, қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан арсыз келеді; әрбір арсыз, жалқау - сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады». Осыған орай, осы кезеңде орын алып отырған бір мәселеге назар аударғым келеді. Бәрімізге белгілі, қазірде елімізде халықты ауқымды әлеуметтік қолдау шаралары жүзеге осырылып жатыр. Осындай игілікті іске зор қанағаттанғандық сезіммен, ризашалықпен қараудың орнына «дайын асқа тік қасық дегендей» қоғамда масылдық жатып ішерлік, Абай айтқандай «арсыздық пен даңғаза даурықпалық» тенденция белең алып бара жатыр. Меніңше, бұл тенденцияға шек қоятын уақыт жеткен сияқты, әрине қалыптасқан объективті экономикалық заңдар мен құқықтық заңдылықтар аясында.

Абай ғылым - білімнің мазмұны мен маңызына, ғылымның жасампаздық рөліне де зор көңіл аударған.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ержеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім. – деп өзінің өкінішін білдіреді.

Шын мәнінде, қазіргі заман білім мен ғылымның заманы, оларды басты өндіргіш күшке және экономиканың ерекше ресурсына айналдыру барынша өзекті мәселе болып отыр. Ал оны іске асыратын адамның өзі, әсіресе жастардың ерекше таланты мен жігері. Осыған орай ХХ ғасырдың 50-шы жылдары неміс ғалымы Т.Шульцпен енгізілген «адами капиталды» ерекше фактор ретінде шығару білім мен ғылымның экономикалық рөлін дұрыс анықтауға мүмкіндік берді. Айталық АҚШ экономисі Э.Денисонның пікірінше барынша дамыған

елдердің ұлттық табысының өсімінде білім мен ғылымның үлесі 12% - тен тен 30%- ке дейінгісің құрайды екен. Осындай жағдайдың боларын дөп басқан Абай:

Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.

Өзінің жиырма бесінші қара сөзінде озық елдердің тілін, оқуын, ғылымын білудің маңызына тоқтала келе «әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағуасына (теңесу) кіреді», «орыстың ғылымы, өнері- дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» Отыз сегізінші сөзінде «қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады». Ғылымның дін танудағы рөліне назар аударады. «Ғылым - Алланың өзіне ғашықтық, Алланың бір сипаты, ол – ақиқат». Осы пікірлерді саралап пайымдау әлемдегі бәсекелестік қабілеті жоғары 30 елдің қатарына кіруге, олармен терезесі тең ел болуға ұмтылып жатқан қазақ елі үшін бағыт- бағдар беретін жол деуге толық негіз бар. Қазіргі таңда 4-ші өнеркәсіптік революция немесе Индустрия 4.0. аясында ғылымның жаңа жетістіктеріне негізделген «цифрлық экономикаға» көшу жаһандық трендке айналды. Оған болжанатын қағидалар, өндіріске киберфизикалық жүйенің жаппай ендірілуі, адамдардың қажеттіліктеріне, соның ішінде тұрмыстық, еңбек және тынығуға қызмет көрсету кіреді. Нәтижесінде өзгерістер еңбек нарығы, өмір сүру ортасы, саяси жүйе, технологиялық қалып арқылы өмірдің әр алуан жақтарын қамтиды.

Кеңестік кезеңде Абай шығармашылығына қатысты, соның ішінде, онда таптық теке – тірес, революциялық идеялар көрініс таппаған деген сыңаржақ пікірлердің болғанын жоққа шығара алмаймыз. Оған жауап ретінде бірсыпыра уәжді алға тартайық. Біріншіден, ССРО кезеңінде қалыптасқан «ғылыми теория мен идеологияға» сәйкес Абай өмір сүрген заманда Қазақстанда революциялық жағдайдың экономикалық, саяси алғышарттары мүлдем орын алған жоқ. Екіншіден, қазақ дәстүрінде тамыры тереңде жатқан рушылдық, соның негізінде қалыптасқан ағайын – тумалық, жекжат – жұрағаттық психология жаппай таптық қарама – қайшылыққа душар етпеді. Дегенмен оның кейбір кездейсоқ жағдайлары патша үкіметінің ел арасына іріткі салатын қитұрқы отаршылдық саясатының нәтижесінде кездесіп отырды. Осындай саяси мазмұндағы құбылыстардың Абай назарынан тыс қалмағанын оның «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың», «Бай сейілді» деп басталатын өлеңдерінен көруге болады. Болыс болу үшін патша үкіметінің саяси – әскери өкілі болып табылатын «ояз» алдындағы екіжүзді қылуаны ащы шындықпен сипаттайды. Айталық, мынандай өлең жолдары соның айғағы.

Оңашада оязға

Мақтамаймын елімді.

Өз еліме айтамын

Бергем жоқ – деп, - белімді.

Орыстың ұлығының өтірік мақтап, шала марапаттағанын арқаланып, ар – ұятын сатқанды өткір мысқылмен түйрейді, ондай қылықтан аулақ болуға шақырады. Абайдың 8 – ші, әсіресе 22 – ші қара сөзінде «Болыс бен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ». Патша үкіметінен «сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ», яғни Абай, қазіргі кездегі еліміз үшін өзекті болып отырған сыбайлас жемқорлықтың теріс салдарын суреттейді.

Көріп отырғанымыздай Абай шығармашылығындағы дана ойлар мен пікірлердің қазіргі кездегі даму болашағымызбен логикалық сабақтастығын айқын аңғарамыз. Абай шығармашылығы туралы пікірімізді экономика ғылымдарының докторы, профессор Орақ Әлиевтің бағалауымен қорытындылауды жөн көріп отырмыз. «Абай – философ, ұлы ақын, педагог, ағартушы, сөз шебері, социолог, гуманист, патриот, ислам танушы, экономист, психолог, этик, эстетик, аудармашы, шешен, композитор, ел басқарушы, музыкалық шығармаларды орындаушы. Ал ең бастысы, ол бірегей синкретик ойшыл – дана, яғни жоғарыдағыларды біріктіретін көп қырлы қасиеті бар толық адам. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» - деп Абай жырлағандай, толық адамды осылай түйіндейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбаев. Шығармалары. – Алматы «Жалын» 1995, 7 бет.
2. Қ.К. Тоқаев. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан. – «Егемен Қазақстан» газеті, 9 қаңтар 2020 жыл.
3. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, «РЕГИС – СТ Полиграф». 2017, 3 бет.
4. Денисон Э. Исследование различии в темпах экономического роста.- М., Прогресс, 1971, стр. 645.
5. Алиев У.Ж. Путь к Абаю – Газета «Казахстанская правда» 13 января 2020 года.